

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ҒТАМР 15.31.35

ӘОЖ 378.18 : 316.61 : 159.923.2

БІЛІМ АЛУШЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уразалиева Р.М., педагогика ғылымдарының магистрі, ryskul_0405@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Мақалада білім алушылардың жоғары оқу орнының талаптарына бейімделу кезіндегі психологиялық қиындықтарын зерттеу мен қолдау көрсету, мәселерді шешудің әлеуметтік және психологиялық құбылыс ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, университеттің білім беру кеңістігінде және білім алушылардың бейімделу процестерінің психологиялық ерекшеліктеріне жан-жақты сипаттама берілді.

Түйінді сөздер. Бейімделу, даму, орта, бәсекеге қабілеттілік, білім алушылар.

Қазіргі таңда психологиялық зерттеулердің алдыңғы қатарлы мәселелеріне түрлі қоғамдық және кәсіби мәселелерді қойып, шешуге қабілетті шығармашыл, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлғаны қалыптастыру мәселесі туындап отыр.

Қазіргі қалыптасқан жағдайға мамандарды даярлау жүйесін қайта құру және жоғары оқу орны түлегінің кәсіби даярлық деңгейін жоғарылатудың практикалық қажеттілігі туындап отыр. Мұндай қажеттілік қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, мамандарға, олардың белсенділігі мен өзінің кәсіби және тұлғалық дамуына қатысты жауапкершілігіне деген талаптардың ұлғаюуына байланысты екені белгілі.

Білім алушының кәсіби даму факторларын анықтау мен ескеру тұлғаның кәсіби білім алу кезеңінде кәсіби қалыптасуының сапасына ықпал етеді [1]. Мұның мақсаты жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өз бетінше еңбек етудің алғашқы күнен бастап түрлі кәсіби, әлеуметтік, этникалық қауымдастықтарға шоғырлана білуге дағдыландыру, мұан кейінгі кәсіби дамуында табыстылыққа қол жеткізуге үйрету болып табылады.

Еш күмән жоқ, мамандарды даярлау, олардың кәсіби және әлеуметтік іс-әрекеті көп жағдайда студенттің жоғары оқу орнында игерген білімдері, икемділіктері және дағдыларына байланысты болады. Дегенмен, кәсіби даярлық аталған сапаларды қалыптастырумен ғана шектелмеу қажет. Оқу үдерісі тұлғаны дамыту мақсатына бағытталуы тиіс. Мұндай сапалардың қалыптасуы ең алдымен қоршаған ортамен әлеуметтік әрекеттесе алудан және тұлғаның өз әлеуетін жүзеге асыра білуінен көрініс табады.

Тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделі мәселесі Абульханова-Славская К.А. Алдашева, Глоточкин А.Д., Г.И.Царегородцева, Т.Г.Стефаненко, Н.Н.Мельникова, Т.С.Вещугина, М.С.Яницкий, Г.С. Абрамова, А.И.Рувинский, П.С.Кузнецов, Э.К. Қалымбетова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Жоғары оқу орнына бейімдеудің маңызды міндеті - жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру болып табылады.

Жоғары оқу орнында оқу барысында қоғамдық, арнайы және өзге де пәндерді оқыту, қоғамдық өмірге араласу барысында студент тұлғасының кәсіби бағыттылығы, яғни өзінің білімін, тәжірибесін, қабілетін таңдап алған мамандығы саласында қолдануға талпынысы қалыптаса бастайды. Тұлғаның кәсіби бағыттылығында таңдаған мамандығымен айналыса отырып мамандығына деген жағымды

қарым-қатынас, оған деген бейімділік пен қызығушылық, өзінің даярлығын жетілдіру, материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандыруға талпынушылық көрініс береді.

Адамның бейімделуі – адам экологиясындағы, сондай-ақ кептеген басқа пәндердегі ([физиология](#), [антропология](#), [медициналық география](#), [социология](#), [этнография](#) және т.б.) негізгі ұғымдардың бірі [2]. Адамның жаңа ортаға бейімделуі – күрделі әлеуметтік-биологиялық процесс. Мұның негізінде организмнің қызметі мен жүйесі, сондай-ақ дағдылы мінезқұлқы жатады.

Ғылыми әдебиеттерді қарастырғанда бейімделу әрқашан жеке тұлғаның әлеуметтік рөлге енуі мен жаңа режимге көшуімен байланысты екені айтылады. Осы ұғымды ары қарай қарастыруымыз арқылы бейімделу – үдеріс пе әлде нәтиже ме деген сұрақ жайлы әлі нақты көзқарастың жоқ екенін аңғартты.

С.М.Елеусізованың пайымдауынша, бейімделу – жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы белгілі қарым-қатынас үдерісі және нәтижесі [3].

Анисимова О. М, С.А. Суценко бейімделу үдерісі – «қандай да бір кезеңдегі құбылыстың пайда болуының, оның уақытқа тәуелді дамуын, өзгеруін, бірте-бірте ретімен бейімделу элементтерінің жиынтығын қамти тұрып, жаңа кезеңге өтудің сапалы нәтижесін береді» [4, 5].

И.Я.Зимняяның пікірінше, тұлғаның бейімделу үдерісі объективті ортаны өзінің тұрмыстық болмысын саналы түрде сезінуі, айыра алуына байланысты туындайды, екіншіден, адамның еңбек қызметі бейімделуші ортада әрқашан маңызды, үшіншіден, адам өзінің өмір сүру салтына қарай бейімделу үдерісін пассивті түрде қабылдап қана қоймай, мақсатты түрде өзгерте алады [6].

Барлас Т.В. келесі бейімделудің мінез-құлықтың келесі стратегияларын айтады [7]:

- ортаның белсенді өзгеруі;
- өзін-өзі белсенді өзгерту;
- ортадан кетіп басқа ортаны іздестіру;
- ортадан байланысты үзіп, өзінің ішкі дүниесіне кету;
- өзін-өзі пассивті (жәй, баяу) репрезентациялау;
- ортаға пассивті бейімделу;
- ортаның өзгерісін пассивті түрде көрсету;
- ішкі өзгерістерді пассивті түрде күту.

Білім алушы қандай да бір жас кезеңіндегі адам ретінде және жеке адам ретінде үш жақты сипатталады:

1) жеке адамның психологиялық үрдістер, қалыптар және қасиеттерін біріктіретін психологиялық жағы. Психологиялық тұрғының маңыздысы – психикалық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, мінез, қабілеттер). Ал бұларға психикалық үрдістердің жүруі, психикалық қалыптардың пайда болуы, психикалық жасалулар тәуелді десек те, нақты бір студентті зерттей отырып, сонымен бірге сол индивидтің ерекшеліктерін, оның психикалық қалыптары мен үрдістерін есепке алу қажет;

2) әлеуметтік жағы, ол білім алушының қандай да бір әлеуметтік топқа, ұлтқа жатуына орай туындайтын қоғамдық қатынастарды, қасиеттерін қамтиды.

3) биологиялық жағы, оған – жоғары жүйке жүйесінің әрекеті, анализаторлардың құрылымы, шартсыз рефлексдер, инстинктер, физикалық күші, дене құрылысы, бойы, бетәлпеті, терісінің көзінің түсі және т.б. жатады. Бұл тұрғыда негізінен туа берілген ерекшеліктер мен тұқым қуалаушылықпен алдын ала болжанған, бірақ та, белгілі бір шекте өмір жағдайына байланысты да өзгеріске ұшырайды.

Жоғарғы оқу орнында білім алу уақыты жастық шақтың екінші кезеңімен немесе жеке бас қасиеттерінің қалыптасу күрделілігімен ажыратылатын зерделік шақтың бірінші кезеңімен сәйкес келеді. Осы зерделік шақтың бірінші кезеңі Б.Г. Ананьев, А.В. Дмитриев, И.С. Кен, В.Т. Лисовский, З.Ф. Есареvтің және т.б. еңбектерінде талданады. Осы кездегі адамгершіліктік дамудың маңызды сипаты мінез-құлықтың саналы мотивтерінің күшеюі болып табылады.

Біздің ойымызша ең дұрысы ол білім алушылардың бейімделу әсерлігі мен оқуға деген қызығушылығы олардың жеткен нәтижесіне қарай бағаланып, сонымен қоса жұмсалған шығын көлемі де төменгі санаттарда реттелуі тиіс деп есептейміз. Мектептегі бейімделу үрдісін зерттеу өзіне

жүйелі бейімделудің барлық көрсеткішін қосуы тиіс. Бұл жағдайда мектептегі бейімделу үрдісінің әсерлі нәтижесі үшін мынадай белгілерді қолдану керек [8]:

1. Субъективті белгілер тобы: өзінің оқуындағы тұрақтылық; оқушы ағзасының құрылымдық жағдайы (психофизиологиялық функциядағы жылдам өзгерістердің болмауы) қалыпта болуы тиіс.

2. Объективті белгілер тобы: оқу үрдісімен қанағаттану; ұжым құрамы және олармен туындаған қарым-қатынасқа бейімделу керек (психологиялық ахуал).

Мұндай бағыт бейімделудің психофизиологиялық, әлеуметтік-психологиялық үрдісін қоса алғандағы нәтижесін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Мектепте оқуға арналған шарттарға сәйкес білім алушылардың бейімделу жүйесі мен барысы арнайы әдебиеттер қорытындысы бойынша бейімделудің әр түрлілігін көрсетті. Жүйелі бейімделу жағынан қарастырылған сұрақтар шешімі анықталмады, сондықтан бейімделу үрдісінің барысы мен мазмұны оның формасы жағынан, тіпті, әр сатыда болса да қарастырылады.

Білім алушылардың жоғары оқу орнының талаптарына бейімделу кезіндегі психологиялық қиындықтарын зерттеу мен қолдау көрсету кезінде келесі мәселерді шешуді талап етеді: біріншіден, бейімделу процессін биологиялық, әлеуметтік және психологиялық құбылыс ретінде қарастыру; екіншіден, университеттің білім беру кеңістігінде және білім алушылардың бейімделу процестерінің ағынының ерекшеліктерін оқыту болып табылады.

Соңғы жылдарда жоғары оқу орны сапалы әрі жоғары білім беріп қойма, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық қабілетін де дамытуы керек екендігі белгілі болды. Бұл өз кезегінде «тәуелсіз жеке тұлғаның» білім берудің жоағары болуына алға қояды, ол моральдық ересектігін, әлеуметтік екіпінділікті, өзін-өзі дамытуды және өзі-өзі іске асыру сияқты ең жоғары «концепцияға» ие болып келеді.

Білім алушылардың жоғары оқу орындарында олардың жеке тұлғалық және мамандырылған дамудағы бейімделу процессін қарастыру кезінде, «бейімделу» мен «даму» сияқты екі базалық деңгейлердің салыстырылу мүмкіндігі туады.

Әдебиеттер:

1. Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы / құрастырушылары: С.М. Жақыпов, С.Қ. Бердібаева; аудармашылары: И.К. Аманова және т.б.; сарапшысы; Ж.Т. Түркенов; ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрілігі; ҚР Білім және ғылым министрілігі; Философия және саясаттану институты.- Алматы: Таймас, 2021. - 477, [3] б.

2. **Жантукеев, С.К.** Психология: учебное пособие. – Астана: Елорда, 2001. – 256 с.

3. **Елеусізова, С.М.** Қарым-қатынас психологиясы [Текст]. – Алматы: Рауан, 1999. – 63 б.

4. **Анисимова, О.М.** Управление самооценочными характеристиками как способ воспитания личности студента // Психологическое обеспечение учебно-воспитательного процесса в вузе. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1985. – С. 123-131.

5. **Сущенко, С.А.** Социальная психология: учебное пособие / С. А. Сущенко, Т. В. Плотникова, Н. И. Сидоркин. – Ростов н/Д: Феникс, 2022. – 345 с.

6. **Зимняя, И.А.** Педагогикалық психология: оқулық / Ирина Алексеевна Зимняя; орыс тілінен аударған М.А. Құсайынова. - 2 толықт., түзет. және қайта өңд. бас. – Москва: Алматы: Логос: TST-company, 2011. – 438 б.

7. **Барлас, Т.В.** Особенности социально-психологической адаптации при соматических и неврологических нарушениях // Психол. журнал. – 1994. – Т.15. – №6. – С. 116-120.

8. **Гальперин, П.Я.** Введение в психологию: учебное пособие для вузов. 6-е изд.- Москва: Книжный дом "Университет", 2012. – 327 с.